

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 11 сессиясының 2012 жылғы 9 қарашадағы N 110 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 14 желтоқсанда N 2029 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 мамырдағы № 442 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 04.05.2018 № 442 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің 419, 422 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШМЕТТІ:**

1. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау бюджет және ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бойынша аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясына жүктелсін (В.К. Эммерих).

3. Осы шешім 2013 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

В. Ямковой

Аудандық мәслихаттың хатшысы

К. Саккулаков

2012 жылғы 09 қарашадағы
Осакаров аудандық мәслихатының
11 сессиясының N 110 шешіміне
қосымша

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған тіркелген салық ставкалары

N p/с	Салық салу объектісінің атауы	Бір объектіге салық ставкасы айлық есептік көрсеткіште 1 айда

1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК